

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Шинышерава Ғазиза Болатқызының 6D011300 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресмирецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Зерттеу жұмысының негізгі идеясы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдармасында кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіби білім беру жүйесін әлемдік озық тенденцияларын модернизациялау, болашақ педагогтердің практикалық даярлығын арттыру міндеттелген.</p> <p>Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда оқу-дала практика басым рөл атқарады. Ол педагогикалық үрдістің біртұтас бөлігі ретінде болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы биологиядан оқу-дала практикасы – білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол биологиядан болашақ мұғалімдерді даярлауда білім беру мекемелерінің өзекті мәселелерін шешуге, тұлғаны қоғамның қазіргі талаптарына жауап беретіндей етіп қалыптасуына бағыт-бағдар береді.</p> <p>Осы тұрғыдан алғанда, Ізденуші Шинышерава Ғазиза Болатқызының «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы болашақ маманның жалпы педагогикалық білім</p>

		жүйесін байытады, биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін зерттеуге бағытталған өзекті жұмыс болып табылады.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Бұл диссертациялық жұмыстың мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаға немесе мемлекеттік бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300 / 8D01513 – Биология) бағыттары бойынша дайындалған.
2	Ғылымға маңыздылығы	<b>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды,</b> ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.  Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері жасалған. Теория мен практиканың өзара байланысы талдалынып білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын, оқу-дала практикасында қолданылатын іс-әрекеттер ұсынылған. Оқу-дала практикасын ұйымдастыруға ұсынылған әдістемелік нұсқаулықтар ішіндегі мобилдік қосымша оқуға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырған. Бұл өз кезегінде білім алушылардың білім сапасын жақсартқан. Мұны диссертанттың ғылымның дамуына <b>қосқан үлесі</b> деп білемін. Диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері PhD диссертациясына қойылған талаптарына сәйкес жазылған. Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысының <b>маңыздылығы ашылған.</b>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>Жоғары;</b>  Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері өзара байланысқан. Шинышерова Ғазиза

		<p>2) Орташа;  3) Төмен;  4) Өзі жазбаған</p>	<p>Болатқызының диссертациялық зерттеу жұмысы өте жатық, академиялық тілде жазылған. Диссертант алдына қойған мақсаты мен міндеттерін толығымен орындай білген. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлестігі, үндестігі және байланысы айқын байқалады. Барлық талданған ақпараттар түсінікті. Автордың диссертациялық жұмысты өзі жазу <b>деңгейі жоғары.</b></p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:  1) <b>негізделген;</b>  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Шинышерава Ғазиза Болатқызының ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері педагогика, әдістеме, биология, математика салаларындағы әдістер бойынша болашақ биолог мұғалімдерді кәсіби даярлығын қалыптастыруда, пәні, міндеттері, оның басқа ғылым салаларымен байланысымен таныстыру, білім алушылардың оқу-дала практика құзіреттілігін тереңдету бойынша алынған нәтиже оқу үдерісіне ендіріліп, ұсынылған әдістемелік негіздемені пайдалану деңгейіне статистикалық өңдеулер жүргізілген. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған зерттеу әдістері ғылыми ізденістің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес алынған. Ғылыми қағидаларымен зерттеу тұжырымдарының нәтижелері жұмыстың қорытынды бөлімінде көрсетілген. Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздерін қолдану тиімділігінің көрсеткіштері анықталған. Зерттеу нәтижесінде алынған деректер дәйекті, жұмыс нәтижесінің қорытындылары мен тұжырымы, практикалық мәні шынайы негізделген, жұмыстың басты мақсатын ашады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) <b>айқындайды;</b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша</p>

		тақырыбын нақты айқындайтыны байқалады.
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Мақсатқа сәйкес міндеттер нақты қойылған және нәтижелер алынған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылымы ғылыми нәтижелердің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық, бірізділікпен дұрыс байланысқан. Алынған зерттеу нәтижелері тұжырымды сипатталған, қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған. Сондықтан да жұмысты логикалық бір ізді аяқталған, алдына қойылған мақсат міндеттері толық орындалған деп қарауға болады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде нақтыланған. Зерттеу кезіндегі жұмыстың мақсаты мен міндетіне сәйкес зерттеу материалдары мен әдістері ұтымды қолданылған. Автор диссертациялық жұмысты жазу үшін қажетті материалдарды жинап, өңдеген. ЖОО-да жүйелі тәсіл тұрғысынан педагогикалық үрдісті ұйымдастыру тәжірибелері жұмыста ұтымды пайдаланылған. Тұлғаның іс-әрекетін сатылап қалыптастыру, іс-әрекеттік теория, білім мазмұны теориясы, педагогикалық жоғары оқу орындарында жаратылыстану пәндерінен білім берудің мазмұны мен әдістемесіне қатысты теориялар, оның ішінде «Биология» курсының оқытудың теориясы мен әдістемесі сыни талдаудан өткізіліп зерттеулерінде қолданылған. Зерттеуші педагог ғалымдардың көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулеріне талдау жасау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын құраушы басты компоненттер білім, білік, дағдыларына талдау жүргізіп, оқу-дала практикасын өткізу тәжірибесінде пайдаланған. Жұмыста сыни талдаулар мен нақты ұсыныстар келтірілген.</p>

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <b>толығымен жаңа</b>. Омыртқасыздар зоологиясы пәні бойынша оқу-дала практикасын ұйымдастырудың әдістемелік моделі жасалынды. Құрылған модел бойынша оқу-дала практикалары Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының студенттеріне қолданылып, оның тиімділігі тәжірибеде тексерілді. Ұсынылған модел білім алушылардың оқу-кәсіби қызметін ұйымдастырудың тәсілі ретінде зерттеу қызметін арттырды. Оқу-дала практикасын ұйымдастырудың автордың даярлаған мобильдік қосымшасы ақпараттық құрал ретінде білім беру үрдісін ұйымдастыруға кең мүмкіндік берді. Бұл білім алушылар үшін өзекті әлеуметтік және маңызды мәселені дұрыс шешудің оңтайлы жолы.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа. Ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар, жұмыстың ғылыми жаңалығы диссертация тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен негізделеді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автордың зерттеу нәтижелері «Оқу-дала практикаларына арналған оқу құралы», «Оқу-дала практикасына арналған анықтамалық» мобилді қосымша, Омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқу-дала практикасына арналған электронды оқу құралын дайындалу нәтижесі оқу үдерісінің ғылыми – тәжірибелік негізі толығымен жаңа болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдамалар, ендіру актісі және тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың	Барлық қорытындылар ғылыми	Ғ.Б. Шинищерованың диссертациялық зерттеу

	негізділігі	тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Қорытындылардың негізділігі теориялық-әдістемелік, биологиялық, педагогикалық, энтомологиялық әдістермен үйлестірілген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b>дәлелденді</b> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Диссертациялық жұмыстың тарауларында қағидат дәлелденген. Әр қағида бойынша биологиялық, педагогикалық, энтомологиялық зерттеу әдістерімен негізделіп, қағидалар дәлелденіп, биологиядан білім беру саласын дамытуда елеулі үлесін қосқаны дәлелденген.
		7.2 Тривиалдыма? 1) <b>ия</b> ; 2) <b>жоқ</b>	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер <b>тривиалды емес</b> , ғылыми тұрғыдан дәлелденген, алдағы уақытта қолдану ауқымы кең және бұл докторанттың мақалаларында дәлелденген.
		7.3 Жаңама? 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жаңа, ізденушінің практикалық зерттеу барысында алынған.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <b>кең</b>	Зерттеушінің тәжірибе нәтижесінде алынған мәліметтер педагогика саласының теориясы мен практикасында үлкен қолданысқа ие.
		7.5 Мақалада дәлелденгенбе? 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Диссертацияның мазмұнына сәйкес, зерттеудің негізгі қағидалары мен нәтижелері 10 ғылыми еңбекте ұсынылып, талқыланды.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <b>ия</b> ; 2) жоқ	Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы жоғары деңгейде орындалған. биологиялық білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер әдіснамасын тиімді оқытудағы ғалымдардың кешенді педагогикалық әдістерді қолдану бойынша түрлі пікірлері, тәжірибелері, көзқарастары туралы ғылыми әдебиеттерге шолу жұмыстары жүргізілген және «Оқудала практикаларына арналған оқу құралы» практикалық жұмыстың маман даярлау үдерісінде

		алатын орны мен маңызы, қазіргі уақытта зерттелу жағдайлары туралы ақпараттар берілген. Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданған әдістемелер дұрыс таңдалып, негізделген және әдіснамасы нақты жасалған. Соның нәтижесінде алға қойылған мақсаты толық орындалған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар Абай атындағы ҚазҰПУ, жаратылыстану және география институтының, биология кафедрасында жүргізілген далалық-тәжірибелік жұмыстарымен дәлелденген және расталған. Зерттеу жұмысының тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелердің мазмұны халықаралық ғылыми конференциялар материалдарына сілтеме жасау арқылы растаған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жарияланған ғылыми мақалалар алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарға, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарға

			сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті, 162 отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттері қолданылған. Әдебиеттер жаңа және ағылшын тіліндегі рейтингі жоғары журналда жарияланған мақалаларға сілтемелер жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия;</b> 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы бар: оқу-дала практикасы кезеңінде биологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері жүйеленіп, оқу-дала практикасын ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы білімдерін арттыруға, нәтижелерін диагностикалау үшін қажетті өлшемшарттар мен көрсеткіштер жүйесі әзірленген, кәсіптік-әдістемелік даярлығын дамытуға арналған эксперименттік және тестілік жұмыстар құрастырылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) жок	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: жұмыстың нәтижелері зерттеу жұмысының нәтижесінде омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқу-дала практикасын ұйымдастырудың әдістемесі даярланған. «Оқу-дала практикаларына арналған оқу құралы», «Оқу-дала практикасына арналған анықтамалық» мобилді қосымша, «Омыртқасыздар зоологиясы пәнінен оқу-дала практикасына арналған электронды оқу құрал» оқыту үдерісіне ендіріліп, білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастыруда маңызды болып табылған
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық оқу орындарында биолог студенттерін даярлау үдерісінде тиімділігі дәлелденіп, оқу үдерісінде қолдану туралы ендіру актісі берілген. Ұсынылған мобилдік қосымша ақпараттық құрал ретінде білім беру үрдісін ұйымдастыруға кең мүмкіндік берді. Мобилді қосымшасында келтірілген мәліметтерді пайдалану арқылы білім алушылар



			мәліметтерді пайдалану арқылы білім алушылар еліміздің оңтүстік өңіріне сәйкес табиғи зоналарға саяхат жасауға мүмкіндік алды. Ұсынылған әдістемелік нұсқаулықтар оқуға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырып, білім алушылардың білім сапасын арттыруға өз
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары. Диссертациялық жұмыстарға негізгі анықтамалар, сөздіктер мен қысқартулар жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның тілі, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптармен сәйкес келеді.

Шиньшорова Ғазиза Болатқызының диссертациялық жұмысының ғылымилығы және жаңалығымен қоса келесі ескертулер бар:

1. Оқу-дала практикасы жағдайында экскурсия ұйымдастыру, омыртқасыздарды бақылау дағдыларын дамытуға бағытталған нәтижелерін толық талдаулары зерттеу жұмысының құндылығын арттырар еді;
2. Білім алушылардың біліктері мен дағдыларын дамытуға, білімдерін кеңейтуге арналған практиканы ұйымдастыру ерекшеліктері докторант жұмысының басты жаңалығы. Осы жаңалықтың тәжірибе нәтижелерінің талдаулары ұсынысқа толығымен енгізілуді қажет етеді;
3. Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі

Алайда, бұл аталған кемшіліктер ізденушінің диссертациялық жұмысының жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

**Шешім:** Шиньшорова Ғазиза Болатқызының 6D011300 /8D01513 – Биология мамандығы бойынша «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Шиньшорова Ғазиза Болатқызының 6D011300 / 8D01513 – Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деген пікір білдіремін.

**Ресми рецензент:**  
**Қазақ ұлттық қыздар**  
**педагогикалық университеті,**  
**PhD, қауымдастырылған профессоры**

Қолы  
Подпись   
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі  
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба

**Кырбасова Эльзира Артыкбаевна**